

**Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шаралардың Мемлекеттік бағдарламасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 қыркүйектегі N 1352 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шараларының Мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, министрліктер мен ведомстволардың басшылары осы Бағдарламада белгіленген шаралардың мезгілінде орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқасына Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақ ССР-інде қылмысқа қарсы күрес және заң тәртібін нығайтудың 1989-1995 жылдарға арналған Бағдарламасын бекіткен N 4351 - XI қаулысының күші жойылған деп тану туралы ұсыныс енгізісін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1993

жылғы

23

қыркүйектегі

N

1352

қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шаралардың Мемлекеттік Бағдарламасы**

Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету Бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік басқару органдары лауазымды адамдарының тәртіп,

қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік жағдайына жауапкершілігін арттыру туралы" 1992 жылғы 4 желтоқсандағы Қаулысының 1"б" тармағын орындау мақсатында ж а с а л ы н ғ а н .

Республикадағы құқық қорғау қызметі 1989 жылдан бері Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 1989 жылғы 12 желтоқсанда N 4351-ХІ қаулысымен бекіткен Қазақ ССР-інде қылмысқа қарсы күрес және заң тәртібін нығайтудың 1989-1995 жылдарға арналған Бағдарламасына сәйкес жүргізіліп келді.

Қалыптасқан саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар негізінде, КСР Одағының тұсында жасалынған бұл Бағдарламада қылмысқа қарсы күрес мәселесін мемлекеттік тұрғыда, кешенді шешу мақсаты көзделген болатын, осы мақсат белгілі дәрежеде орындалды.

Бүгінгі таңда республиканың егемендік алуына, саяси және экономикалық жүйедегі терең өзгерістерге, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруды жариялаған жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты Бағдарламаның көптеген ережелері өз мәнін жоғалтты, ал кейбірі жанарған республикалық заңдарға қайшы келіп отыр.

Қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдай түбірімен өзгерді. Нарықтық қатынастарға көшу кезеңі экономикада және әлеуметтік өмір саласында дағдарыстық құбылыстар белең алып, қылмыстық ахуалдың шиеленісуі жағдайында қауіпті көріністердің күрт өсуімен сипатталуда. Әлеуметтік құбылыс ретінде қылмыс экономикалық реформалар процесін елеулі тежейтін, қоғамда әлеуметтік шиеленістің күшеюіне ықпал ететін факторға айналды.

Республикада қабылданған дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдетудің (экономиканы тұрақтандыру және нарыққа көшу кезеңіне арналған) Бағдарламасы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды заңдылық пен заң тәртібін нығайту мәселелерімен тығыз байланыста шешу қажеттігін көздейді.

Бұл заң саясатын түбегейлі өзгерту қажеттігін, қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың кезек күттірмейтін шараларының жаңа Бағдарламасын қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Бағдарламаның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, меншіктің барлық нысандарын қылмыстық қол сұғудан сенімді қорғауды ұйымдастыру, қоғамда тиісті заң тәртібін қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін Бағдарламада:

- мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қалыптасып отырған жағдайда ескере отырып заңдылық пен заң тәртібін нығайту жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары;

- өтпелі кезең талабына сай құқықтық қатынастар орнату қоғамдық өмірде құқық пен заңдылықтың басым рөлін қамтамасыз ететін саяси, ұйымдастыру

және құқықтық сипаттағы шаралар;

- Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті кадр, материалдық-техникалық, қаржы және өзге де ресурстар белгіленген.

Бағдарлама мынадай тұжырымдамалық қағидаларға негізделеді:

1. Қылмыспен күрестің және заңдылықты нығайтудың тәжірибеде шындалған және бүгінгі талапқа сай нысандары мен әдістерінің қолданылуындағы сабақтастық.

2. Өкімет пен басқару органдарының заңдылық және заң тәртібінің жай-күйі үшін жауапкершілігін арттыру, қылмысқа қарсы күресте заң қорғау органдарының, еңбек ұйымдарының және қоғамдық ұйымдардың күшін біріктіру.

3. Заң қорғау жүйесін қаржыландыру, материалдық-техникалық қамсыздандыру мәселелерін қалыптасып отырған қылмыстық ахуалға сәйкес шешу.

4. Республиканың және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы және перспективалық жоспарларын түзу үстінде заңдылық пен заң тәртібін нығайтуға қатысты бөлігінде Бағдарлама ережелерін ұстанудың міндеттілігі белгіленсін.

### **Бағдарламаның мазмұны**

**1 бөлім:** Республикадағы заңдылық пен заң тәртібінің жай-күйін талдау және заң қорғау қызметінің басым бағыттары.

**II бөлім:** Қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыруға және заң тәртібін жақсартуға бағытталған ұйымдастыру, құқықтық және материалдық-техникалық шаралар.

Қосымшаларда: Заң қорғау жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, кадрлармен және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған, мемлекеттік деңгейде шешуді талап ететін нақты мәселелердің тізбесі ұсынылады.

### **I Бөлім**

#### **Заң тәртібінің жай-күйі және заң қорғау қызметінің басым бағыттары**

Егемен Қазақстан Республикасы тарихи дамуының жаңа сатысына қадам басып, нарықтық қатынастарға негізделген жаңа экономикалық жүйе құру үстінде.

Реформалар барысында қоғамның мүлік иеленуі жағынан жіктелуі, жұмыссыздық, қылмыстық өсуі тәрізді әлеуметтік, экономикалық және құқықтық сипаттағы елеулі келеңсіздіктер қабағат өрістеп отыр. Қоғамды қылмыстың шұғыл меңдеуі шиеленіскен сипат алады, бұл мемлекет негіздеріне қауіп төндіріп, өркениетті жолмен нарыққа көшу мүмкіндігіне күмән туғызуда.

Қылмыс соңғы 5 жылда екі есе артып, 200-мыңдық шектен асты. Ол барған сайын көпе-көрнеу зорлық және дүниеқорлық сипат алып келеді. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қасақана қастандық көздеген қылмыстар саны артып, олар арсыздықпен және қатыгездікпен, көбіне қару жұмсалып жасалуда.

Реформаларға негізінен жасырын сипаттағы экономикалық қылмыстар тасқыны күйретерліктей әсер етуде. Нарықтық экономикалық өзгерістердің беделін түсіретін көлеңкелі экономика қалыптасуда. Контрабанда, бағалы шикізат ресурстарын бақылаусыз сыртқа тасу кең ауқымда өрістеп отыр.

Кей жерлер мен аймақтарда негізгі өндірістік құралдарды, әлеуметтік-мәдени объектілерді жекешелендіру барысында елеулі жөнсіздіктерге жол берілуде, соның нәтижесінде мемлекет орны толмас шығынға ұшырауда.

Банк жүйесінде де қаржыға байланысты ірі келеңсіздіктерге жол берілген. Несие берудің белгіленген тәртібі жан-жақты бұзылуда, несие негізінен мемлекет мүддесі үшін емес, делдалдық операциялар үшін пайдаланылуда. Банк жүйесі республикадағы несие-ақша айналымының негіздеріне елеулі нұқсан келтіретін жалған төлем құжаттары тасқынының астында қалып отыр.

Заңдылықты өрескел бұзуға өкімет пен басқару органдарында жол берілуде, олардың өздеріне берілген құқықтар мен өкілеттілік шеңберінен көпе-көрнеу тыс заң белгілейтін актілер шығару фактілері жаппай сипат алуда. Кей облыстар мен аймақтарда мемлекеттік аппарат чиновниктерінің пара алуы кең тараған. Шетелдік іссапарларға валюта қаражаты есепсіз жұмсалуда. Өкімет және басқару органдары лауазымды адамдарының заңға қайшы кәсіпкерлік қызметпен қоса айналысу әрекетіне тыйым салынбаған. Басқару органдарында жер-жерде бюджеттен тыс көптеген қорлар құрылған. Олар көбіне мемлекеттік кәсіпорындардан түскен алымдар есебінен толықтырылады, ал айналымынан түскен қаражат коммерциялық мақсатқа жұмсалады.

Мемлекеттік қаржы ресурстары коммерциялық құрылымдарға кәсіпорындар жанында құрылған көптеген кәсіпкерлік құрылымдар арқылы да құйылуда.

Қылмыстың дәстүрлі нысандарына бағдарланып жасалған қолданылып жүрген заңдарда елеулі олқылықтар мен қайшылықтар көп. Ұйымдасқан қылмыс түрлерімен күрес мәселесі заң арқылы реттелмеген, мемлекеттік қызметшілердің коммерция ісімен айналысуының тәртібі нақты белгіленбеген, олардың табыстарын мәлімдеу тәртібі анықталмаған, коммерциялық құрылымдарды сүйемелдеу әрекеті үшін жауаптылығы белгіленбеген.

Заң қорғау органдары қызметінің құқықтық негізін қамтамасыз ететін қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және басқа заң кодекстерін қабылдау мерзімі себепсіз созылуда. Заң жобаларын криминалогиялық тұрғыда сараптау мәселесі ш е ш і л г е н ж о қ .

Қылмыстың өсуіне себепші фактор, бұрынғыша, меншікке қол сұғу болып

отыр. Жыл сайын өсіп отырған мемлекеттік және жеке меншік мүлкін ұрлау - барлық тіркелген қылмыстың жартысынан көбін құрайды. Соған қарамастан мемлекет меншігінің тиісті дәрежеде сақталуы қамтамасыз етілмеген. Шаруашылық объектілерінің едәуір бөлігінің техникалық жабдықталуы төмен. Темір жол көлігінде мемлекет жүгі талан-таражға ұшырауда. Өрт саны көбейіп, одан келген залал мөлшері күннен күнге артып келеді.

Ішкі істер органдарының қанағаттанғысыз жұмысының нәтижесінде азаматтардың жеке меншігіне қол сұғылған ұрлықтың жартысынан көбі ашылмайды.

Республика жолдарындағы жағдай да күрделі қалпында қалып отыр, онда жыл сайын ондаған мың адам қаза тауып, ауыр жарақат алууда.

Нашақорлыққа және наркобизнеске қарсы күрестің ұйымдастырылуы нашар. Қылмыстық заң шаралары негізінен нашақорларға қарсы қолданылады, ал наркобизнестің пысықайлары көбіне әшкереленусіз қалады.

Республиканың қарулы Күштерінде қолайсыз жағдай қалыптасып келеді. Соңғы екі жылда әскердегі қылмыс саны үш есе артты. Өз еркімен кетіп қалу, әскери мүлікті, қару-жарақты және оқ-дәріні талан-таражға салу кең етек алған.

Заң қорғау органдарының қылмысы үшін сөзсіз жазалану принципінің толық орындалуын қамтамасыз етудегі жұмысының нәтижелілігі төмен. Республика Ішкі істер министрлігінің көптеген салалық бөлімшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алмайды. Олардың қылмысты ашу және тергеу жөніндегі іс-қимылы көбіне нәтижесіз аяқталады. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүргізу үшін ІІМ-і мен ҰҚК-інде арнайы құрылған органдардың қайтарымы аз. Қылмыстық қауымдастықтың саны көбеюде, олардың кейбіреулері мемлекетаралық сипат алды. Қылмыстық топтарды әшкерелеу жөніндегі жекелеген сәтті операциялар қылмыстың алдын алуға елеулі ықпалын тигізбейді, ахуалды күнілгері бағдарлап, бақылауда ұстау факторы бола алмайды.

Прокурорлық қадағалау бүгінгі талапқа сай емес. Өкімет пен басқару органдарында, шаруашылық және кәсіпкерлік құрылымдарда заңдылықтың бұзылуына прокуратура тарабынан қатаң тыйым салынбай отыр. Азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау деңгейі де жетілдіруді талап етеді. Заң қорғау органдарының өзінде адам құқығын бұзуға жол бермеу жөніндегі прокурорлық шаралардың нәтижелілігі төмен деңгейде.

Сот тәжірибесінде қайшылық пен тұрақсыздық құбылыстары белең алып келеді. Әділетсіз үкімдер мен шешімдер шығару, сарсаңға салу және өзге де жауапсыздық пен құзырсыздық фактілерінің саны азаймай отыр. Қоғамды қылмыс меңдей бастаған жағдайда аса қауіпті қылмыстық әрекеттердің сот органдарында тиісті бағасын алмауы аз кездеспейді.

Заң қорғау органдарының қанағаттанарлықсыз қызметі басқа себептермен

қатар кадр жұмысындағы елеулі кемшіліктерге де байланысты. Заң қорғау жүйесі үшін кадрлар даярлайтын оқу орындарының жұмысы жетілдіруді қажет етеді.

Заң қорғау органдарының жұмысы заң саласындағы мемлекетаралық қатынастардың тәртіпке салынбағандығы салдарынан да елеулі қиындықтарға душар болып отыр. Бақылау органдары, тексеру қызметі мен сарапшы мекемелер жұмысының тиімділігін арттыру мәселелері үкімет тарапынан шешуді талап етеді.

Күрделі жағдайда жұмыс істейтін қатаң қылмыстық жазалау жүйесі ешқандай сын көтермейді. Бас бостандығынан айыру орындарында сотталған адамдар қарапайым тұрмыстық және санитарлық жағдайлармен қамтамасыз етілмеген. Сотталған адамдардың еңбегі тиісті дәрежеде ұйымдастырылмаған. Жазаны ізгілендіру процестері баяу қарқынмен жүруде, бұл заң жолымен реттеуді талап етеді. Еңбекпен түзеу колонияларында құқық бұзушылық пен қылмыс саны артуда, оның көпшілігі ішімдік пен есірткіге байланысты.

Бұрын сотталған адамдарды тұрмысқа бейімдеу мәселелері қанағаттанғысыз дәрежеде шешілуде. Көптеген облыс орталықтары мен ірі қалаларда жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік қолдауға арналған ақтау орталықтары құрылмаған. Осының нәтижесінде қайталама қылмыстар деңгейі жоғары күйінде қалып отыр. Жыл сайын қарақшылық тонаудың тең жартысынан астамын, қасақана кісі өлтіру, әйел зорлау, тонау мен ұрлықтың үштен біріндейін бұрын сотталған жасайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық проблемалары шиеленісе түсуде. Кей жерлерде жасөспірімдердің құқық бұзуының алдын алудың дәстүрлі түрлері ескерусіз қалған, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссиялардың қызметі атүсті жүргізіледі. Кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру мәселелері тәртіпке келтірілмеген. Бір ғана 1992 жылдың өзінде 13 мыңнан аса қылмысты кәмелетке толмағандар жасаған.

Ішкілікке қарсы күрестегі бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеушіліктер екінші бір ұшқарлыққа әкеліп соқтырады, нәтижесінде бұл мәселемен байсалды түрде ешкім айналыспайды. Ал ішімдік әлеуметтік зардаптарға соқтырып қана қоймайды, сонымен бірге қылмыстық деңгейіне де айтарлықтай ықпал етеді. Қылмыстардың үштен біріндейі мас күйде жасалады. Республикада 70 мыңнан аса айықпас маскүнем бар. Алайда оларды емдеу және қалыпты өмірге қайтару ісінің ұйымдастырылуы қанағаттанғысыз.

Қоғамдық тәртіпті қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелеріне байланысты қоғамдық ұйымдардың іс-қимылы доғарылған.

Қоғамда заңға құрмет азайып келеді, құқықтық мәдениет төмен деңгейде. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың құқықтық тәрбие беру жөніндегі қызметі тиісті нәтиже бермей отыр. Қалыптаса бастаған жағдай өкімет

пен басқару органдарының заңдылық пен заң тәртібінің жай-күйі үшін күш-жігерін үйлестіруді және жауапкершілігін арттыруды, құқықтық қоғам құру жөнінде кешенді мемлекеттік саясат әзірлеуді талап етеді.

### **Заң қорғау қызметінің басым бағыттары**

Заңдылықты қамтамасыз ету саласында:

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен халықаралық заң актілеріне сәйкес азаматтардың құқықтық басымдығын қамтамасыз ету. Сот - құқықтық реформасын жүзеге асыру. Заңның үстемдігі мен баршаның заң алдында теңдігін қамтамасыз ету. Заңдардың жүзеге асырылуын бақылаудың тиімді нысанының және жеке адамның аяққа басылған құқығын қалпына келтіру тетігінің болуы. Лауазымды адамдардың өктемділігінен қорғау кепілдігімен қамтамасыз ету, заңның бұзылуы үшін олардың жауапкершілігін арттыру. Азаматтарға құқықтық көмек беру жүйесін дамыту. Азаматтардың құқықтарын сақтау мәселелеріне байланысты құқылық көмек беру туралы мемлекетаралық шарт жасау.

Заң қорғау органдары қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету. Тергеуге және анықтауға прокурорлық қадағалауды күшейту. Азаматтардың қорғалу, соның ішінде сотта қорғалу құқықтарын жүзеге асыру. Кадрлардың құқықтық және кәсіби даярлығын жақсарту, заңдылықтың бұзылуы үшін олардың жауаптылығын арттыру. Заң қорғау органдарындағы қызметке кандидаттарды іріктеу жұмысын жетілдіру. Кадрларды тиісті мерзімде аттестациялап және а л м а с т ы р ы п о т ы р у .

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің шаруашылық қызметін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуді жетілдіру. Кәсіпорындардағы заң қызметін ұйымдастыру және оны нығайту. Шарттарда алынған міндеттемелердің орындалуының құқықтық және экономикалық кепілдіктерін қабылдау. Шаруашылық заңдарына жетілдіру. Шаруашылық-құқықтық тауарларды сот арқылы шешу.

### **Әлеуметтік сақтандыру саласында:**

Құқық бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту. Көп балалы отбасыларын, зейнеткерлерді, қоғамның кембағал топтарын мемлекет тарапынан қорғаудың әлеуметтік-экономикалық шараларын жүзеге асыру. Ең төмен табыстар мен тұтыну қоржынын айқындап, оларды мезгіл-мезгіл қайта карап отыру. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, жетімдер және кәрілер үйлерінің желісін кеңейту. Балалардың адамгершілік және құқықтық тәрбиесін жолға қою. Тұрғындарды жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты мен жұмыссыздарды әлеуметтік жағынан қолдау шараларын даярлау.

Жалпыға бірдей құқықтық білім және құқықтық тәрбие беруді ұйымдастыру.

Басқару аппараты мен кадр қызметінің қызметкерлеріне, мамандарға, оқушы жастар мен азаматтардың басқа да топтарына құқықтық білім беру жүйесін құру. Халық арасында насихаттық ұйымдастыру, заңдарды және заң саясатын түсіндіру. Заңдарды құрметтеуге тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдарының р о л і н а р т т ы р у .

Азаматтардың әлеуметтік құқықтық белсенділігін арттыру. Халықты заң тәртібін қамтамасыз етуге тартудың жаңа нысандарын дамыту. Жәбірленушілер мен куәгерлердің құқықтық қорғалуын заң арқылы реттеу. Заңдылықты нығайту ісінде белсенді өмірлік айқындама ұстанған азаматтарды әлеуметтік жағынан қ о л д а у .

Бас бостандығынан айыру орындарынан босанған адамдарды әлеуметтік ақтау. ЕТМ-лерден босанған адамдарды жұмысқа орналастырып, оларға тұрмыстық жағдай туғызу жүйесін құру. Сотталған адамдардың қажетті жұмысшы мамандықтарын игеруі мақсатында еңбекпен түзеу мекемелерінің қ ы з м е т і н ж е т і л д і р у .

Бас бостандығынан айыру орындарынан босанған адамдарды әлеуметтік ақтау орталықтарын және қоғамға бейімделудің басқа да нысандарын ұйымдастыруға және олардың қызметіне қолдау көрсету. Ізгілік принциптеріне негізделген қылмыстық атқару жүйесінің реформасын жүзеге асыру.

Қылмысқа қарсы күрес саласында:

Даярланып жатқан және басып шығарылу үстіндегі заң актілерін құқықтық және криминологиялық тұрғыда сараптау. Бақылаушы органдардың тиімділігін арттыру, тексеру аппаратын қайта құру. Сараптау мекемелерін біріктіру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту. Заң қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру, кадрлық және материалдық-техникалық жағынан қамсыздандыруды жетілдіру. Шұғыл іздестіру қызметін реттейтін заңдарды даярлау және қабылдау. Атыс қару-жарағының, оқ-дәрінің, жарылғыш заттардың сақталуын күшейтуге арналған шаралар қабылдау.

Ұйымдасқан қылмысқа, наркобизнеске қарсы күрес. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың пайда болуы, дамуының әлеуметтік, экономикалық, құқықтық алғышарттарын айқындау және зерделеу. Ұйымдасқан қылмысқа, жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңдарды дайындау. Қылмыстық құрылымдарға кіретін адамдарға қатысты деректер жинақталатын бірыңғай банк құру. Жабайы сора өсетін жерлерде режим (шектеу) аймағын құру. Есірткі заттарды мұқият сақтау шараларын қабылдау. Заң қорғау органдарының тиісті бөлімшелерін кадрлармен толықтырып, материалдық-техникалық жағынан нығайту. Ұйымдасқан қылмыспен наркобизнес мәселелері жөнінде халықаралық ынтымақтастық орнату.

Экономикалық қылмыстарға қарсы күрес. Мемлекеттік сектордағы қаржы және тауарлық-материалдық құндылықтардың айналымын есепке алуды және



бақылауды жетілдіру. Тауарларды, өнімдер мен шикізат ресурстарын экспортқа шығару үшін лицензия беру мәселелерін реттеу. Бақылау-тексеру аппараты жұмысының нәтижелілігін арттыру. Салық қызметін нығайту. Шаруашылық жүргізуші объектілерді техникалық жағынан қорғалуын нығайту. Тасылатын жүктерді қорғау жөнінде ПМ-нің маманданған бөлімшелерін құру. Мемлекет қызметшісінің кәсіпкерлік қызметпен айналысуына шектеулер енгізу.

Жеке адамның мүлкін ұрлауға, автотөлемділігін айдап кетуге қарсы күрес. ПМ-нің ведомстволық емес қорғау бөлімшелерін материалдық-техникалық жағынан қорғалуын күшейту. Жұртшылықтың қорғау шараларын жүргізуге қатысуының нысандарын дамыту. Гараждар мен автотұрақтар желісін кеңейту.

Нашақорлық пен ішкілікке салынудың алдын алу. Салауатты өмір салтын насихаттау. Сауықтыру және спорт мекемелерінің желісін кеңейту. Қоғамдық құрылымдардың ішкілікке салынудың алдын алу жөніндегі жұмысын жандандыру. Кәсіпорындар, ұйымдар басшыларының еңбек тәртібінің жай-күйі үшін жауапкершілігін арттыру. Өндірісте ішкілікке бой алдыруға тыйым салу. Нашақорлық пен маскүнемдік дертіне шалдыққан адамдарды емдеу профилакторийлерінің жүйесін құру, емдеудің тиімді әдістерін енгізу.

Кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының алдын алу. Жасөспірімдердің өміріндегі және тәжірибесіндегі қолайсыз жағдайларды айқындап, оларды жою жөнінде шаралар қолдану. Заң бұзушылықтың алдын алуда мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының күш-жігерін біріктіру. Жастардың әлеуметтік оң бағыттағы ерікті қозғалысын өрістетуге. Кәмелетке толмағандар мен жастар арасында ішкілікке салынудың, нашақорлықтың, жыныстық азғындаудың, зорлық-зомбылыққа бой ұрудың ө р і с т е у і н е қ а р с ы к ү р е с .

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау салаларында:

Көшелер мен қоғамдық орындарда заң бұзушылықтың алдын алу. Милицияның бақылау - күзет қызметтерін сан жағынан арттырып, оның техникамен жабдықталуын жақсарту. Қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізу. Көшелерді, тұрғын үй қатарларын күзету үшін ақылы негізде қоғамдық күштерді жасақтау.

Жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру. Республика көшелерін, автожолдарын қайта жөндеуден өткізудің кешенді шараларын жүзеге асыру. Жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру. МАИ бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту. Кәсіпорындар мен ұйымдар әкімшілігінің техникалық ақауы бар көлікті жолға шығарғаны үшін жауапкершілігін арттыру. Жүргізушілер арасында тәртіпті нығайту, еңбек ұжымдары мен оқу орындарында Жол қозғалысының ережелерін насихаттау және түсіндіру шараларын жүзеге асыру.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Лауазымды адамдардың өрт қауіпсіздігінің жай-күйі жауапкершілігін күшейту. Отқа жанбайтын техникалық құралдар мен материалдарды өндіріске енгізу.

Кәсіпорындар мен ұйымдарды, мекемелер мен тұрғын үйлерді автоматтандырылған өрттен қорғау құрылғыларымен жабдықтау. Мемлекеттік өрт қадағалау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

## **II бөлім**

### **Қылмысқа қарсы күресті күшейту және заңдылықты нығайту жөніндегі шаралар**

1. Қылмысқа және өзге Құқық, бұзушылыққа қарсы күресте заңдарды, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың ұйымдық құрылымы мен қызметін жетілдіру.

1.1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сот-құқық реформасын жүргізу. Нарықтық экономикаға өту және демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жағдайында құқық қорғау қызметін қамтамасыз ететін заңдар блогын әзірлеу.

**Мерзімі** : 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині, Жоғарғы Сот, Прокуратура, Жоғары Төрелік Сот, ИМ, ҰҚК, Ұлттық Ғылым Академиясы.

1.2. Қазақстан Республикасы кодекстерінің жобаларын әзірлеу және Жоғарғы Кеңестің қарауына енгізу:

- Қылмыстық кодекс
- Қылмыстық-іс жүргізу кодексі
- Қылмыстық-атқару кодексі
- Азаматтық кодекс
- Азаматтық-іс жүргізу кодексі
- Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс
- Кеден кодексі

**Мерзімі** : 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Прокуратура, ИМ, ҰҚК, Жоғарғы Сот, Жоғары Төрелік Сот, Қаржымині, Ұлттық Ғылым Академиясы.

1.3. Құқық қорғау қызметінің ұйымдастырылу негізін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын әзірлеу және Жоғарғы Кеңестің қарауына енгізу:

- Сот құрылысы туралы заң
- Соттардың мәртебесі туралы заң
- Шұғыл іздестіру қызметі туралы заң
- Ұйымдасқан қылмысқа және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң
- Салық милициясы туралы заң

- Әскери милиция туралы заң
- Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы заң
- Өрттен қорғау және апаттан құтқару қызметі туралы заң.

**Мерзімі:** 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Прокуратура, ІІМ, ҰҚК, Жоғарғы Сот, Жоғары Төрелік Сот, Ұлттық Ғылым Академиясы, Қорғанысмині, Қаржымині, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемкомиссия.

1.4. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың мәртебесі, олардың өздері қызмет ететін аумақтағы заңдылық пен заң тәртібінің жай-күйі үшін жауапкершілігі туралы заңды дайындау.

**Мерзімі:** 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині, Жергілікті әкімдер, халық депутаттарының жергілікті Кеңестері, ІІМ, Прокуратура.

1.5. Заң тәртібімен төмендегі мәселелер бойынша құқық қатынастарын реттеу :

- мемлекеттік қызмет туралы
- жекеше күзет және із кесу ұйымдары туралы
- қаруға бақылау жасау туралы
- төтенше жағдай туралы
- жәбірленушіні, куәні қорғау туралы
- әскери жарғылар
- сотталғандардан қылмыстық іске тартылуына /қудалануына/ байланысты мемлекеттік шығындарды ішінара өндіру туралы.

**Мерзімі:** 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині, Прокуратура, ІІМ, ҰҚК, Жоғарғы Сот.

1.6. Белгіленген тәртіппен құқықтық көмек көрсету туралы, соның ішінде қылмыстық іске тартылу мәселелері бойынша халықаралық-құқықтық келісімдер жасасу. Қылмысқа қарсы күрес проблемалары бойынша ТМД елдерінің құқық қорғау органдарымен және шет елдердің осы тақылеттес қызметтерімен ынтымақтастық жасау тәжірибесін дамыту.

**Мерзімі:** 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Сыртқыісмині, Әділетмині, Прокуратура, ІІМ, ҰҚК, Жоғары Төрелік Сот.

1.7. Ведомстволық нормативтік актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келтіру және заңдардағы олқылықтарды толықтыратын біртұтас нормативтік актілер әзірлеу мақсатында қайта қарау.

**Мерзімі:** 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Прокуратура, Министрліктер мен ведомстволар, ә к і м д е р .

1.8. Заңсыз олжаға, қылмысты жолмен тапқан табысты "тазартуға" бөгет жасау, өкіметі органдары мен коммерциялық және кәсіпкерлік құрылымдар басқармасы лауазымды адамдарының тамыр-таныстық және сүйемелдеушілік әрекетін тыю мақсатында республиканың қолданылып жүрген "Шаруашылық қызметінің бостандығы туралы", "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы", "Жеке кәсіпкерлікті қолдау туралы", "Инвестициялық қызмет туралы" заңдарына өзгерістер енгізу туралы мәселені қарау.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині, Жоғары Төрелік Сот, Прокуратура, ІІМ, ҰҚК, Қаржымині, Экономмині, Ұлттықбанкi, Мемқаржыбақылау комитеті.

1.9. Қазақстан Республикасының кодекстері қабылданғанға дейін заң тәртібімен лауазымды адамның мәртебесін анықтау, экономика саласындағы қылмыстық іс-әрекеттің, жаңа түрлері мен нысандары үшін қылмыстық жауаптылықты көздеу. Мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың лауазымды адамдар болып табылмайтын қызметшілерінің параға сатылғандығы үшін жауаптылығының тәртібін анықтау. Атыс қаруын, оқ-дәрілерді, әскери мүлікті, жарылғыш, улы, радиоактивті заттарды сатып алғаны, қайта сатқаны, ұрлағаны үшін, қылмысты жолмен табылған мүлікті сатып алғаны және қайта сатқаны үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту жөніндегі шараларды қ а р а с т ы р у .

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Прокуратура, ІІМ, ҰҚК, Қаржымині, Мемқаржыбақылау комитеті.

1.10. Ведомстволық тексеру /ревизия/ аппаратын қайта құру, оларды ведомстволардың басқаруынан шығару және Мемқаржыбақылау комитетіне беру мәселелерін қ а р а у .

**Мерзімі:** 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Мемқаржыбақылау комитеті, Қ а р ж ы м и н і .

1.11. Түрлі бағдардағы барша сараптау мекемелерін қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы органдардың құрылымынан шығара отырып, оларды Әділет министрлігі жүйесінде шоғырландыру. Жаңа құрылым жанында сот сарабы проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу институтын құру. Сарапшы кадрларын даярлау және қайта даярлау жүйесін жасау.

**Мерзімі:** 1993-1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині, Денсаулықмині, ІІМ,

Ұ Қ Қ ,

Қ а р ж ы м и н і .

1.12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанында Құқықтық ақпарат орталығын және әділет басқармалары жанында құқықтық ақпараттың аймақтық орталықтарын құрып, оларды материалдық және техникалық ресурстармен қамтамасыз ету.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Қаржымині, Қазконтракт.

1.13. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі жанынан Заң ғылыми-зерттеу институтын ашу.

**Мерзімі:** 1994 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині.

1.14. Қазақстан Республикасы Прокуратурасының кадрлар біліктілігін арттыру институты негізінде заңдылық пен заң тәртібін нығайту проблемалары ғылыми-зерттеу институтын құру.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Прокуратура, Қаржымині.

1.15. Алматы қаласында құқық қорғау органдары үшін жоғары білікті кадрлар даярлау бойынша мамандандырылған заң институтын құру.

**Мерзімі:** 1994 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Біліммині, Ұлттық Ғылым Академиясы, Қаржымині, Әділетмині.

1.16. Республика жоғары оқу орындарында әскери заң қызметкерлерін даярлауды қарастыру. Алматы әскери институтында республика ішкі әскерлері үшін офицерлер даярлау факультетін ұйымдастыру.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Біліммині, Қорғанысмині, ҰҚК, ПМ, Прокуратура, Әділетмині, Ұлттық Ғылым Академиясы.

1.17. Қылмыстар жөніндегі біртұтас деректер банкін құру мақсатында ПМ-де Жамбыл, Қызылорда, Ақтау, Орал, Арқалық және Талдықорған қалаларындағы базалық электронды есептеу машиналарына негізделген есептеу орталықтарын ашу. ТМД елдерімен қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша ақпарат алмасу тәртібі мен шарттары туралы келісімдер жасау.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині, ПМ, Қаржымині.

## **2. Құқық бұзушылықтың алдын алу және сақтандыру.**

2.1. Валюта айналымындағы келеңсіздіктерге тыйым салу мақсатында өкімет және басқару органдары лауазымды адамдарының шетелдік іссапарға бару тәртібі туралы Ережені әзірлеу. Кәсіпорындар мен ұйымдар тапсыратын қызмет бабындағы іссапарларға және шет ел мамандарының қызметін өтеуге шет ел

валютасымен жұмсаған валюта қаражатының қозғалысы туралы статистикалық есепті қайта қарау. Банкілер үшін клиенттердің есепшотынан жұмсалу мақсатын көрсете отырып қолма қол берілген шет ел валютасының сомасы туралы есеп беру үлгісін әзірлеу.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Экономмині, Қаржымині, Мемстаткомы, Ұлттықбанкі.

2.2. Заңды ұйымдар мен жеке адамдарға несие, қарыз және басқа заем қаржыларын беру тәртібі мен шарттары туралы бірыңғай ережені әзірлеу. Оларды бөлу мен пайдаланудың негізділігі үшін жауапкершілік тәртібін белгілеу. Ұлттық банкі құрылымында банкілер қызметінің заңдылығына жедел бақылау жасап отыру үшін арнаулы инспекция құру.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Ұлттықбанкі.

2.3. "Мемлекеттік қызмет туралы" Заң қабылданғанға дейін өкімет және басқару органдары лауазымды адамдарының кәсіпкерлік және коммерциялық құрылымдарда қоса қызмет атқаруына арнаулы актімен тыйым салу.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті.

2.4. Салық инспекциясын ұйымдастыру және кадр жағынан нығайту, олардың қызметкерлерін әлеуметтік-құқықтық қорғау үшін қосымша шаралар қолдану. Салық инспекциялары құрылымдарында салық милициясын құрып, оларға анықтау органдарының функциясын беру.

**Мерзімі:** 1993 жыл - 1994 жылдың бірінші жартыжылдығы.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Қаржымині, Әділетмині, Прокуратура

І І М .

2.5. Мемлекеттік мүліктің сақталуы үшін лауазымды адамдардың жоғары әкімшілік жауаптылығын белгілеу. Өрт және техникалық қауіпсіздігі бойынша техникалық базаны нығайту үшін шаралар қолдану.

**Мерзімі:** 1995 жылға дейін.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Министрліктер мен ведомстволар, әкімдер, ПМ.

2.6. Кәсіпкерлік құрылымдар басшыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін бұзғандығы үшін әкімшілік жауаптылығын белгілеу.

**Мерзімі:** 1994 жылдың бірінші жартысы

**Орындаушылар:** Әділетмині, Прокуратура.

2.7. Жекешелендірілетін объектілердің құнын айқындау тәртібі туралы Ережені әзірлеу және қабылдау. Жекешелендіру барысына бақылау жасауды күшейту үшін шаралар қолдану.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Меммүліккомы, Қаржымині, Прокуратура, ПМ, ҰҚК.

2.8. Мемлекеттік меншікті пайдалана отырып құрылған мемлекеттік емес шаруашылық құрылымдарын қайта тіркеуді жүзеге асыру, соның барысында бастапқы капиталдың пайда болу көзімен заңдылығын тексеру.

**Мерзімі:** 1993 жыл - 1994 жылдың бірінші жартысы.

**Орындаушылар:** Меммүліккомы, Меммонсаясаткомы, Қаржымині, Прокуратура, ИМ, Мемстаткомы.

2.9. Нақты фирмалар мен ұйымдарды көрсете отырып және заңдардың тексті мен мамандардың түсінігін қосып бере отырып қарау бизнес және банкроттық туралы ақпараттық бюллетень шығаруды ұйымдастыру.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Баспасөзмині, Әділетмині, Қаржымині, Мемқаржыбақылаукомы, Жоғары Төрелік Сот, Жоғарғы Сот, Прокуратура, ИМ, Ұ Қ К .

2.10. Жергілікті басқару органдарының бюджеттен тыс қорларының қызметін тәртіпке келтіру. Оларды құру үшін құқыққа қарсы көздерді пайдалану практикасына тыйым салу. Мемлекеттік ресурстардың коммерциялық құрылымдарға құйылу арналарын бөгеу мақсатында осы қорларды толтыру үшін мемлекет қаржысын пайдалануға, заңда тікелей көзделген жағдайлардан басқа тұстарда, тыйым салу.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, әкімдер, Қаржымині, Мемқаржыбақылаукомы, Ұлттықбанк, Прокуратура, ИМ.

2.11. Тауарлар, өнімдер мен шикізат ресурстарын экспортқа шығаруға лицензия беру мәселелерін заңды негізде реттеу, органдар мен лауазымды адамдардың өкілеттіктерін айқын белгілеу, бұл ретте бақылау жасау нысандарын және орын алған жөнсіздіктер үшін жауаптылық тәртібін қарастыру.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Сыртбайланысмині, Экономмині, ИМ, ҰҚК, Прокуратура, Қаржымині.

2.12. Республика аумағында шетелдік және халықаралық бірлестіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелерін тіркеу және олардың қызмет ету режимін реттейтін "Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар жобасын әзірлеу. Шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың республика аумағында болуы мен жүріп-тұру тәртібін әзірлеу.

**Мерзімі:** 1993 жыл - 1994 жылдың бірінші жартысы.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Сыртқыісмині, ҰҚК, ИМ, Қаржымині, Т у р с п о р т м и н і .

2.13. ИМ-де поездарды жетекте алып бару жөнінде арнаулы бөлімшелер құру, сондай-ақ көліктегі тексеру қызметін нығайту үшін қосымша штаттар бөлу. Атыс

қаруын, оқ-дәрілерді, улы және жарылғыш заттарды, әскери техника мен мүлікті тасымалдау және сақтау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолдану.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, ІІМ, Көлікмині, Қорғанысмині, Прокуратура, ҰҚК, Өндірісте қару-жарақ, улы және жарылғыш заттарды пайдаланатын ведомстволар.

2.14. Мемлекеттік және аймақтық экологиялық бағдарламалар қабылдау. Табиғат қорғау, суды қорғау заңдарын сақтау үшін бақылау жасау мен қадағалауды күшейту жөнінде қосымша шаралар әзірлеу. Өнеркәсіп, ұлтты, улы және радиоактивті қалдықтарын залалсыздандыру және жою жөніндегі кәсіпорындар құруды және оларды жетілдіруді қарастыру.

**Мерзімі:** 1993 - 1995 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Экобиоресурсмині, Прокуратура, Денсаулықмині, ІІМ.

2.15. Маскүнемдікке және нашақорлыққа қарсы күрес проблемалары бойынша социологиялық және криминологиялық зерттеулер жүргізу. Олардың алдын алудың тиімді нысандарын жасау. Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінде маскүнемдік және нашақорлық дертіне шалдыққан сырқаттарды емдеу үшін арнайы мекемелер құру.

**Мерзімі:** 1993 - 1995 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Денсаулықмині, ІІМ, ҰҚК, Прокуратура, Жоғарғы Сот, Әділетмині, Ұлттық Ғылым Академиясы.

2.16. Құрамында есірткісі бар өсімдіктер жабайы өсетін жерлерде режимді аумақ мәртебесін орнату туралы мәселені қарау, сонымен бірге режимді бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу.

**Мерзімі:** 1994 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, ІІМ, Әділетмині, әкімдер.

2.17. Маскүнемдікке қарсы күрес жөніндегі комиссиясының қызметін қайта жандандыру туралы мәселені қарау, маскүнемдіктің және нашақорлықтың алдын алу ісіне жұртшылықтың қатысуының жаңа, соны нысандарын қалыптастыру. Қоғамдық орындарда ішімдік сатуды тәртіпке келтіру. Бұқаралық ақпарат құралдарында салауатты өмір салтын насихаттауды күшейту, темекі бұйымдары мен спиртті ішімдіктерді сату мен жарнамалау мәселелерін тәртіпке келтіру.

**Мерзімі:** 1993 жыл және ұдайы.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, әкімдер, Саудамині, ІІМ, Денсаулықмині, Баспасөзмині, "Қазақстан" теле-радио хабарларын тарату компаниясы.

2.18. Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдарға арналған



әлеуметтік ақтау орталықтары қызметінің құқықтық негізін әзірлеу. Оларды материалдық, техникалық және кадрлық жағынан нығайтуға шаралар қолдану.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Еңбекмині, Әлеуметтік қорғау министрлігі, ІІМ, Әділетмині, әкімдер.

### **3. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары.**

3.1. Жергілікті басқару органдары құрылымдарындағы кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссиялар жұмысын жандандыру. Осы комиссиялардың қызметі туралы жаңа ереже әзірлеп, олардың кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтары мен өкілеттіктерін к е ң е й т у .

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, әкімдер, Әділетмині, ІІМ, П р о к у р а т у р а .

3.2. Мектептер мен училищелердің оқу бағдарламасына 5 кластан 11 класқа дейін құқықтық білім негіздерін жүйелі оқытуды енгізу.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Біліммині, Қаржымині.

3.3. Кемтар балаларға арналған мектептердің, балалар үйлерінің, училищелерінің, мектеп интернаттарының түлектерін әлеуметтік бейімдеу мақсатында жұмыс орындарын брондауды енгізу. Экономиканың мемлекеттік емес секторының дамуын ескере отырып, балалар мен жасөспірімдердің еңбегін пайдалану мәселесін заң негізінде реттеу, осы заңды бұзғаны үшін жауаптылық нысандарын көздеу.

**Мерзімі:** 1993 жыл және ұдайы.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Еңбекмині, Халықты жұмыспен қатуға қолғабыс тигізу орталықтары, министрліктер мен ведомстволар, Ә д і л е т м и н і , ә к і м д е р .

3.4. Кәмелетке толмағандарды спорт-сауықтыру шараларына тегін қатыстыруды көздеу. Балалар мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, еңбек және демалыс лагерьлерінің, спорттық сауықтыру кешендерінің, аула клубтарының қолда бар базаларын сақтау үшін шаралар қолдану. Оларды балалар тәрбиесіне және олардың демалуына қатыссыз мақсаттарға пайдалануға тыйым салу, олар үшін меншік нысанын өзгертудің айрықша режимін көздеу.

**Мерзімі:** ұдайы.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитет, Біліммині, Турспортмині, әкімдер.

3.5. Балалар мен жасөспірімдерді жыныстық тәрбиелеу жүйесін жасау. Зорлық-зомбылықты, жауыздықты, садизм мен порнографияны насихаттауға

бақылауды және жауаптылық нысанын күшейту. Сауықтыру мекемелерінің қойылымдық репертуарына тиімді бақылау нысандарын қарастыру.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Денсаулықмині, Біліммині, Мәдениетмині, Жастар істері жөніндегі мемлекеттік комитет, Баспасөзмині, "Қазақстан" теле-радио хабарларын тарату компаниясы, ИМ, Прокуратура.

#### **4. Азаматтарды құқықтық тәрбиелеудің нәтижелілігі және олардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігін арттыру.**

4.1. Жұртшылықтың құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуының нысандары мен әдістері туралы Ережені әзірлеу және қабылдау. Онда материалдық және моральдық ынталандыру шараларын көздеу. Шетелдік қоғамдық ұйымдардың құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері жөніндегі тәжірибелерін ықтимал қолдану үшін зерттеу.

**Мерзімі:** 1993 жыл және ұдайы.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Әділетмині, ИМ, Прокуратура, ә к і м д е р .

4.2. Қазақстан Республикасындағы құқықтық сауаттылық туралы Ереженің жобасын әзірлеу және оны Министрлер Кабинетінің қарауына енгізу, оған әскердегі құқықтық сауаттылық бағдарламасын енгізу.

**Мерзімі:** 1993 жыл.

**Орындаушылар:** Әділетмині, Қорғанысмині, Біліммині.

4.3. Заң тәртібін нығайту және қылмысқа қарсы күрес мәселелерін жариялау, заң тәжірибесін тарату, құқықтық тәрбие беру үшін республикалық заң газеті мен журналын шығаруды ұйымдастыру.

**Мерзімі:** 1993 - 1994 жылдар.

**Орындаушылар:** Министрлер Кабинеті, Баспасөзмині, Әділетмині, Жоғарғы Сот, Прокуратура, ИМ, ҰҚК.

#### **5. Құқық қорғау органдарын ұйымдастыру, кадрлық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету.**

5.1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қалыптасқан қылмыстық ахуалды, құқық қорғау және сот органдарындағы едәуір ұлғайған жұмыс көлемін ескере, мемлекет мүмкіндіктерін негізге ала отырып, оларды осы Бағдарламаға тіркеліп отырған қосымшаға сәйкес кадрлық және материалдық-техникалық жағынан нығайту мәселелерін қарастырсын:

- а) ИМ, ҰҚК, Прокуратура және соттардың штаттарының санын ұлғайту;
- ә) қызмет үйлерін, ғимараттарын, тергеу изоляторларын және басқа объектілер құрылысын қаржыландыру;
- б) тұрғын үй құрылысын қаржыландыру;
- в) құқық қорғау органдарын автокөлікпен, байланыс құралдарымен,

компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен, криминалистикалық және арнаулы техникамен қамтамасыз ету;

г) мемлекетаралық сипаты бар қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру және осыған байланысты шетелдік іссапарларға шығу үшін валюта қаражатын бөлу.

Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шараларының Мемлекеттік бағдарламасына

### **№ 1 қосымша**

**Ішкі істер органдарының қызметін қамтамасыз етуге арналған материалдық-техникалық ресурстардың, қару-жарақтың, арнайы құралдар мен техниканың, штаттардың**

#### **Тізбесі**

Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шараларының Мемлекеттік бағдарламасына

### **№ 2 қосымша**

**Прокуратура органдары қызметін қамтамасыз етуге арналған материалдық-техникалық ресурстардың**

#### **Тізбесі**

Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек күттірмейтін шараларының Мемлекеттік бағдарламасына

### **№ 3 қосымша**

**Соттардың және заң органдарының қызметін қамтамасыз етуге арналған материалдық-техникалық ресурстардың, штаттардың**

#### **Тізбесі**

Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің және заң тәртібін нығайтудың 1993-1995 жылдарға арналған кезек

күттірмейтін шараларының Мемлекеттік  
бағдарламасына

**№ 4 қосымша**

**Ұлттық қауіпсіздік комитеті бөлімшелерінің  
ұйымдасқан қылмыс және жемқорлықпен күрес  
жөніндегі қызметін қамтамасыз етуге арналған  
материалдық-техникалық ресурстардың, штаттардың  
Тізбесі**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК